

**Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті отырысының
№3 ХАТТАМАСЫ**

Қордай ауылы
«AMANAT» партиясының мәжіліс залы

27.03.2025ж
сағат 10:00

Қатысқандар: - аудандық Қоғамдық кеңесінің мүшелері - 10 адам.
Қатыспаған: - 1 адам, Ағыбаев Е – себепті.

Шақырылғандар: Қордай АОО басшысы - А.А.Байбеков, Қордай АОО бас дәрігерінің медициналық бөлім бойынша орынбасары – С.Т.Сураншиева, Мәсінші ауылдық ауруханасының меңгерушісі - Н.А.Токтыбаева, Қордай АПБ басшысы полиция подполковнигі – А.А.Алметов, Қордай ЖҚПБ бастығы полиция майоры – Д.М.Алимбаев, Қордай ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының өндірістік емес бөлім басшысы – Б.Тыныбаев, Қордай ауданы әкімдігінің ауылшаруашылығы бөлімінің бас маманы – А.Ч.Ағабаева, Мәсінші ауылдық округінің әкімі – Х.Б.Буларов, Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің бас маманы – Э.Д.Дунчебаев, БАҚ өкілдері.

Төрағалық етуші: - Н.Молдабеков
Хатшысы: - Р.Имашева

Күн тәртібі:

1. Аудандағы денсаулық сақтау мекемелерінің халыққа көрсетіп жатқан қызмет сапасын зерделеу жұмыстары туралы;
2. Жергілікті полиция қызметінің аудан көлемінде қоғамдық тәртіп пен қылмыстың алдын алу бағытында атқарылған жұмыстарын зерделеу туралы;
3. Ауыл шаруашылық жұмыстарының барысы, көктемгі егіс-дала жұмыстарына дайындық барысы туралы;
4. Мәсінші ауылдық округі әкімі аппаратының мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша жұмыстарының есебі;
5. Халық тұтынатын азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша аудан әкімдігінің кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің атқарған жұмыстарының есебі;
6. Әртүрлі мәселелер (Жұмыс жоспарына сәйкес 2-ші токсанда қаралатын мәселелер бойынша жауаптыларға тапсыру).

Төрағалық етуші, аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы- Н.Молдабеков.

Күн тәртібінің 1-ші мәселесі бойынша аудандағы денсаулық сақтау мекемелерінің халыққа көрсетіп жатқан қызмет сапасын зерделеу жұмыстары туралы: баяндамашы – Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссия мүшесі – Аманбаева Мадина Ахановна.

Қордай аудандық Қоғамдық кеңесінің 2025 жылдың I – жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарына сәйкес Қордай аудандық орталық ауруханасына денсаулық сақтау саласы бойынша халыққа көрсетіп жатқан қызмет сапасы және аурухананың жай-күйіне зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Қоғамдық кеңес мүшелері зерделеу барысында медициналық көмек көрсетудің қазіргі деңгейі, медициналық көмек көрсетудің сапасын арттыру, сондай-ақ ем қабылдап жатқан науқастарды аралап, аурухана жұмысымен танысты.

Бүгінгі таңда аудан көлемінде кадрмен қамтамасыз ету бойынша Қордай аудандық орталық ауруханасында 1470 маман жұмыс істейді, олардың ішінде: дәрігерлер – 232, орта медициналық қызметкерлер – 802, кіші медициналық қызметкерлер – 224, басқа қызметкерлер – 212.

2025 жылға арналған Қордай аудандық орталық ауруханасы бойынша дәрігерлердің тапшылығы 15 маманды құрайды, олардың ішінде: балалар көз дәрігері – 1, балалар кардиологы – 1, пульмонолог – 1, нейрохирург – 1, тамырлар хирургі – 1, жалпы тәжірибе дәрігерлері – 10.

Жас мамандарды қабылдау:

2023 жылы – 16 маман (7 жалпы тәжірибелік дәрігер, 1 неонатолог, 2 терапевт, 1 оториноларинголог, 1 акушер-гинеколог, 1 фармацевт, 1 травматолог).

2024 жылы – 13 маман (6 жалпы тәжірибелік дәрігер, 1 педиатор, 1 УЗИ дәрігері, 1 анестезиолог-ревматолог, 1 уролог, 1 невропатолог, 1 дерматолог, 1 реабилитолог).

2024 жылы дәрігерлердің 60,3 % біліктілігін арттырған.

Сонымен қатар, қоғамдық кеңес мүшелерімен аурухана ғимаратын зерделеу барысында аурухана қызметкерлерінің ем алушыларға қажетті деңгейде қызмет көрсетуі бойынша ем алушы және келушілерге сауалдар қойды. Нәтижесінде, бірнеше азаматтар дәрігерге қаралу (дәрігерге алдын ала жазылмағандар) үшін ұзақ уақыт бойы күтіп отырғандығына шағымданды.

Жалпы алдын ала дәрігерге жазылу бойынша келген азаматтар өз уақытында қаралғандығын мәлімдеді.

Тазалық жұмыстарына келер болсақ: медициналық персоналдың санитарлық тораптарында қолды жууға арналған сұйық сабындары бар.Алайда, аурухананың бірнеше бөлімдерінде дезинфекциялық құралдарының (антисептик) уақытылы ауыстырмағандығы анықталды. Яғни, оларды бекітілген талаптарға сәйкес қолдану, жарамдылық мерзімдерінің сақталмауы. Сондай-ақ, аурухананың 7 корпусында (ҚДО, ОФД) ғимаратының дәлізі өте тар, яғни адамдардың жүріп тұруына ыңғайсыздық тудырады. Стационарда емделіп жатқан пациенттер үйден әкелінген жеке ыдыспен пайдаланады, қажет болған жағдайда ауруханадан ыдыстар беріледі. Аудандық ауруханада ыдыс құралдары төсек орнына сәйкес жеткілікті мөлшерде сатып алынған.

Сонымен қатар, ҚР Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы «Республиканың мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарында тамақтанудың заңтай нормаларын және жұмсақ мұқаммалмен жабдықтаудың ең төменгі нормаларын бекіту туралы» бекітілген қаулысына сәйкес науқастардың 1 күнді тамақтануының заңтай нормалары бекітілген. Заң талаптары сақталған.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес МСАК ұйымдары мынадай мемлекеттік қызметтерді көрсетеді:

- 1) Дәрігердің қабылдауына жазылу: 2024 жылы 712540 адам;
- 2) Дәрігерді үйге шақыру қызметі бойынша: 2024 жылы 46693 адам.

Аурухана ғимаратының жай-күйіне келер бослақ, ғимарат өткен ғасырдың 54 жылынан 1992 жылға дейін салынған, яғни 100 пайызға тозығы жеткен. Проблемалық мәселелердің бірі — 2025 жылға арналған капиталды жөндеу және қосымша құрылыстар бойынша жоспарланған шаралардың құрылыс басқармасы тарапынан қолдау таппауы.

Аудандық қоғамдық кеңестің 03.12.2024ж. шешіміне сәйкес жұмыс жоспарына сай аудандағы ауылдық жерлерде тұратын тұрғындарға медициналық қызмет көрсетудің сапасын анықтау барысында 14.11.2024ж. Масанчи ауылындағы аурухананың жұмысы зерделенген еді.

Қоғамдық кеңес шешіміндегі көрсетілген ұсыныстардың орындалу барысын зерделедік. Зерделеу нәтижесінде анықталғандар:

Ауруханада стоматолог қызмет етеді, кабинеті істеп тұр. Тіс дәрігері Қуат Абдрахимов өз жұмыс орнында істеп тұр.

Ауруханада УДЗ құрылғысы бар, ол арқылы жүкті әйелдерді, ересек науқастардың ішкі ағзаларын, калқанша без және т.б. қажеттілікке сай барлығын қарап тексереді. Зерделеу кезінде анықталғандай дәрігер қабылданды – Умуралиева Гүлзат Мұхтарбековна 6.12.2024ж, медбике – Ыстыбаева Қымбат.

Талдау жасау зертханасы бар, лаборатория қажетті медициналық құрал жабдықтар: термостат, центрифуга, қан тексеруге арналған анализатор, зәр тексеруге арналған анализатор, дистиллятор сияқты заманауи жабдықтармен толықтай жабдықталған. Лаборант маман жұмысқа қабылданып, медбике Ельнура Абсамат даярлық курстан өткен.

Диспансерлік есепте артериалды гипертензиямен 561, ИБС 167, СД 367, ХОБЛ -15, астма 17, СКК 6, РА-22, онкология 45, ЖСН -56, ХПН 14 науқас тіркелген. Бұларға сапалы қызмет көрсету үшін де аурухана толыққанды қызмет атқару керек.

Медбикелер саны- 40, оның 2-і мектептерге бөлінген. Күнбатыс-2 ауылындағы № 11 негізгі мектебінде 1,0 бірлікте медбике Мұсарова Алина қабылданған.

Масанчи ауылдық ауруханасында 2 әлеуметтік қызметкер жұмыс жасайды. Олардың міндеттері көп балалы отбасыларымен, мүгедектер, ақыл есі кем, әлеуметтік жағдайлары төмен және зейнеткерлермен жұмыс жасайды.

Аурухана тәуліктік стационар 15 төсектік, күндізгі стационар 35 төсектік қорына арналған. Зерделеу барысында емделуде 7 науқастың жатқандығы анықталды.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығымен бекітілген "Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттарының" 52 пунктінде барлық денсаулық сақтау ұйымдарында кемінде күніне төрт рет тамақтану режимі белгіленеді, көрсеткіштер бойынша жекелеген бөлімшелерде немесе науқастардың жекелеген санаттары үшін неғұрлым жиі тамақтану (бес-алты рет тамақтандыру) қолданылады. Реттік бесіндік (полдник) тағаммен қамтамасыз етілген, орындалып жатыр.

Асханада тамақтанудың ас мәзірі бар, дайындалған тамақ мәзірге сай дайындалған. Шаруа меңгерушісі күнделікті ауруханадағы емделушілердің санын анықтап, соған қарай аспаздарға азық-түлік беріп отырады. Қоймада қажетті азық-түлік жеткілікті, іші таза, санитарлық норма сақталған. Қызметкерге қолайлы жағдай жасалынған. Шаруа меңгерушісі (жұмыс жағдайы жасалынған) жеке кабинетте отыр.

Мүгедектігі бар адамдарға қолайлы орта толық құрылмаған, дыбыстық маяк кіре беріс есікте бар, сыртта орнатылған, тактильді жол орнатылған, толық біткен, баспалдақтың екі жағында тұтқалар (70 және 95см) орнатылған, пандус жабынмен жабдықталған, санитарлық бөлмелерде арнайы тұтқалар орнатылған (атқарылған).

Жалпы емхана ғимараты, аурухана бөлімдері өте таза, үлгілі жағдайда деуге болады. Емделушілерден де ешқандай реніш, шағымдар болмады.

Медицина қызметкерлерінің жауапкершіліктері де атқарған жұмыс орындарынан да анықталды, өте біліктілікпен, жоғары талаптарға сай атқарылуда.

Молдабеков Н.С : Баяндама аяқталды, сұрақтарыңыз бар ма? Жок.

Молдабеков Н.С : Бұл мәселені бытыр желтоқсан айында қаралған болатын, зерделеу барысында сындар түзетілген. Н.Токтыбаеваны тыңдау керек пе? Жок.

Молдабеков Н.С: Онда қолдарыңыздағы шешім жобасы бар, шешім бойынша қандай ұсыныстарыңыз бар? Дауысқа салайық, Қарсы-? Қалыс-? - жок. Бекітілсін.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 - қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабына 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1.Масаншы ауылдық ауруханасының меңгерушісі Н.Токтыбаеваның есебі назарға алынысын;

2.Масаншы ауылдық ауруханасының меңгерушісі Н.Токтыбаеваға:

-Халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру, жетілдіру бойынша іс-шаралар қабылдау ұсынылсын;

-БАҚ, интернет желілері арқылы халық арасында салауатты өмір салтын насихаттау жұмыстары жүргізілсін.

Күн тәртібінің 2-ші мәселесі бойынша жергілікті полиция қызметінің аудан көлемінде қоғамдық тәртіп пен қылмыстың алдын алу бағытында атқарылған жұмыстарын зерделеу туралы Жамангозовке Б.Т. баяндауға сөз берілді.

Қордай аудандық Қоғамдық кеңесінің 2025 жылғы I – жартыжылдығына арналған жұмыс жоспарына сәйкес Қоғамдық кеңес мүшелері аудандық полиция бөліміне барып, аудан көлемінде қылмысқа қарсы күресті күшейтуге, қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге атқарып отырған жұмыстарымен танысты.

Аудан аумағындағы ахуалдың жай-күйі, жыл басынан аудан көлеміндегі қылмыспен күрес, құқық бұзушылықтардың алдын алу және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бағытындағы жедел-қызмет жұмыстарының нәтижесі мен алдағы уақытта атқарылатын іс-шаралардың бағыты қамтылды. Осымен қатар интернет-алайақтық сияқты қылмыстар – интернет-ресурстар, онлайн несие беру, мобильді қосымшалар арқылы жасалғанын баяндай келе, полиция жұмысын жетілдіру, тиімділігін арттыру, қоғамға жақын болу, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы іс-шараларды атап өтілді.

Жергілікті полиция қызметі желісі бойынша 2024 жылдың 12 айында атқарылған жұмыстарға қысқаша тоқталып өтсек:

Жергілікті полиция қызметінің басты бағыттары аудан аумағында қылмыстармен құқықбұзушылықтардың алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Қордай ауданында 2024 жылдың 12 айының қорытындысымен салыстырғанда, жалпы қылмыстардың тіркелуі (219-дан 251-ге) 32 дерекке немесе + 14,6 % жоғарлаған.

Оның ішінде: зорлау дерегі (0 ден 1 ге) немесе 100 %, интернет алаяқтық қылмысы (5 тен 13-ке) немесе 160 %, қамелет жасқа толмағандарға қысты жасалған қылмыстар (9-17) немесе 88,9% өскен.

Қазіргі таңда қоғамда жастар арасында алаяқтық, лудомания, нашакорлық және есірткі қылмыстарының өсімі айтарлықтай өсіп келеді. Осы бағытта аудандық полиция бөлімімен жергілікті атқарушы органдар бірлесе профилактикалық жұмыстарды жоғары деңгейде өткізу қажет. Сондай-ақ Қордай ауылындағы құмар-ойын автоматтарының бар жоғын тексеріп (лицензиясы барма, жоқпа), олардың жұмыстарының заңдылығын қарау және қалың тұтынатын ойын-сауық орындарында рейдтік шаралар жүргізу қажет.

Күкүк органдарына «Кауіпсіз –Кордай» профилактикалык багдарлама бар. Осы багдарламада көрсетілген іс-шаралар жүргізіліп жатыр ма?

Осы тұрғыда тағы да айта кететін мәселе бүгінде аудан орталығында, шекара маңында Кыргызстан Республикасынын азаматтары кыргыз мемлекеттік тіркеудегі көлік құралдарымен жолаушыларды тасымалдау қызметімен айналысып жүр. Олар «Мирас» заправканың жанында тұрып, біздің мемлекетте ашық түрде азаматтарды тасымалдаумен айналысады. Өзіміздің азаматтар калып қойып жатыр. Осы тұрғыда салық баскармасымен, полиция қызметкерлері бірлесіп жұмыс атқару керек және қатаң шара қолдану қажет.

Бұл мәселе бойынша назар аударған жөн, біздің мемлекетте ашық түрде жұмыс жасап жатыр. ? Бұл біздің ауданымызға, елімізге сын болады, әлемдік, халықаралық жол екені бәрімізге белгілі.

Сонымен қатар, Кыргызстан Республикасына жанар-жағар май тасымалдауда, осы бағытта да салық баскармасымен, полиция қызметкерлері бірлесіп жұмыс атқару керек және қатаң шара қолдану қажет.

Бұл бағытта жергілікті полиция қызметі мен аудандық салық баскармасы тарапынан қандай шаралар атқарылып жатыр?

Осы бағытта ҚР Қоғамдық кеңестер туралы Заңының 5 бабының 7 тармағына сәйкес келесідей шараларды көруді ұсынылады:

- 1) Қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған профилактикалық іс-шараларды тұрақты жүргізу;
- 2) Тұрғындар арасында лудомания және алаяқтық қылмыстары бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- 3) Нашакорлық және есірткі қылмыстарының алдын алу және түсіндіру бойынша жергілікті полиция қызметімен рейдтік шараларды ұйымдастыру.

4) Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қылмыстық құқықбұзушылық жөнінде бейнеролик, ақпарат жариялау- деп өз баяндамасын аяқтады.

Молдабеков Н.С : Баяндама аяқталды, баяндама бойынша сұрақтар бар ма? Жок .

Молдабеков Н.С : Бұл мәселе бойынша Қордай АПБ басшысы полиция подполковнигі – Алметов Асхат Аманқұлұлына баяндауға рұқсат берілді. Алметов А.А : Полиция басшы ретінде бір ай көлемінде жұмыс атқарып жатырмын деді. Жұмыс барысы барлық ауданда бірдей, дегенмен ауданның ерекшелігі шекара және республикалық жол. Жанар жағар май тасымалдау бойынша 475 автокөлік айыптау көлік орынына жіберілді, оның ішінде 18 материалдар сотқа жіберілді. Баяндаммен келісеміз, ішкі істер министрлігімен биылғы жылы «Профилактика жылы» жарияланды, осы ретте облыс баскармасының полиция басшысының тікелей тапсырмасын орындау мақсатында жұмыс атқарылатын болады. Бұл жөнінде салық баскармасының бастығы шақырылды, осы мәселе бойынша кіші және орта бизнеске шектеу қойылғандықтан шарасыз екендіктерін алдыға тартты және де шағым түскен шақта ғана бұл мәселені қарайтын болатынын айтты. Кеңтеліс бойынша Қордай Қарасу бекеттерінде тапсырыс берілді. Сонымен қатар, салық баскармасымен бірге Масанчи, Сортөбе ауылдық округтерінде жеке кәсіпкерлердің фискальдық чексіз жұмыс атқару бойынша рейдтер, және де басқа іс-шаралар жүргізіліп жатыр, бірақ жеткіліксіз, бұл жөнінде әрі қарай жұмыстар атқарылатын болады. Есірткі бойынша 16 қылмыс ашылды, оның ішінде контрабанда 6 , 4-кыргыз азаматы, 2 қазақ азаматы. Азаматтарды тасымалдау бойынша біздің тарапымыздан 5 адам берілді. Тергеу шараларын шекара қызметкерлері жүргізеді. Оның ішінде: Қазақстан азаматтары -1, Өзбек азаматтары -2, кыргыз азаматтары-1. Құмар, карта ойынын ойнайтын ауданда бар, бұл жөнінде жұмыстар жеткіліксіз болып жатқанын мойындаймыз, іс-шаралар, рейдтер күшейтіліп жүргізілетін болады.

Сонымен қатар, сіздерге біздің ұсынымыз бар, олар жасөспірімдер, колледж, мектеп, балабақшаларда азаматтардың қауіпсіздігі бойынша бейнекамералар өшіріліп тұр, полиция бөлімінде күнделікті қарап отыруға мүмкіндік жок. Осы 2025 жылға қаражат қарастырылмаған. Бұл мәселе бойынша аудандық білім бөлімінің басшысы шақырылды. Осы мәселеге қаражаттың берілуіне көмектесуді сұраймыз. Патрульдік машиналар ескірген, оларды жаңартуға ат салысуды сұраймыз. Гвардейск, Отар ауылдарында полиция бөлімшесі болған еді, қазіргі таңда ол жакта жок, әсіресе қысқы күндерде киындықтар туындайды. Сіздер, біздер болып осы мәселені шешуді сұраймыз, қаражат мәселесін шешіп, ғимарат салу немесе қайта жөндеу жұмыстарын жүргізсек болар еді.

Жанар-жағармай бойынша аудан әкімі мен аудандық прокуратурамен бірге жұмыстар атқарылып жатыр. Өз деңгейінде жұмыстардың атқарылып жатқанын айта келе, одан әрі күшейтілетін болады. Баяндамадағы көрсетілген мәселерге келісемін, осы мәселерді түзеуге дайынмын, деп- өз сөзін аяқтады.

Молдабеков Н.С : Осы мәселе бойынша қолдарыңызда шешім жобасы бар? ұсыныс, сын ескертпелеріңіз бар ма? Жок. Онда шешім қабылданып дегендеріңіз қол көтеріңіздер! Қарсы, қалыс жок. Шешім қабылданды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 - қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабына 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қордай ауданының полиция бөлімі басшысының (А.Алметов) анықтамасына назарға алынсын;
2. ҚР Қоғамдық кеңестер туралы Заңының 5 бабының 7 тармағына сәйкес келесідей шараларды көруді ұсынылады:
 - 1) Қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған профилактикалық іс-шараларды тұрақты жүргізу;
 - 2) Тұрғындар арасында лудомания және алаяқтық қылмыстары, ҚР азаматтарының аудан аумағында заңсыз жолаушыларды тасымалдау фактілерінің алдын алу, анықтау бойынша түсіндіру және рейдтік шараларды ұйымдастыру;
 - 3) Нашакорлық және есірткі қылмыстарының алдын алу және түсіндіру бойынша жергілікті полиция қызметімен рейдтік шараларды ұйымдастыру.
- 4) Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қылмыстық құқықбұзушылық жөнінде бейнеролик, ақпарат жариялау.
- 5) Аудандағы барлық мектептерде камералар аудандық полиция бөлімімен орталықтандырылмаған. Бұл бағытта Жамбыл облыстық білім баскармасымен қаражат қарастыру мәселесін шешу;
- 6) Отар ауылына ауылдық полиция бөлімін (ПОП) ашу мәселесін көтеру;
- 7) Жамбыл облысының полиция департаментіне Қордай аудандық полиция бөлімінің қызметтік автокөліктерін жаңа көліктермен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізу;
- 8) Осы шешімнің орындалу барысы туралы ақпаратты үстіміздегі жылдың 20-шы шілдесіне берілісін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қоғамдық кеңестің қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес, ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясына жүктелсін (Б. Жамангозов).

Молдабеков Н.С : Күн тәртібінің 3-ші мәселесі бойынша «Ауыл шаруашылық жұмыстарының барысы, көктемгі егіс-дала жұмыстарына дайындық барысы» туралы аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі комиссия мүшесі Абилдаев Е. баяндау беріледі , - деді.

Ол өз сөзінде былай деді, егін бойынша: Аудан бойынша ағымдағы жылы аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің мәліметі бойынша егістік жер көлемі 137787га құрады (2024 жылы 137401га), немесе 386га артты.

2025 жылдың өнімі үшін ауыл шаруашылығы дақылдарын 109375 гектарға орналастыру жоспарлануда. Дақылдар бойынша: күздік бидай - 20900 га, жаздық арпа - 39000 га, дәндік жүгері - 8000 га, мақсары (сафлор) - 200 га, қант қызылшасы - 560 га, картоп - 2800 га, көкөністер - 4070 га, бақша дақылдары - 300 га және мал азығы дақылдары - 33475 га алқапты құрайды. Тұқым дайындығы бойынша: 2025 жылдың есебіне себілген - 20900 га күздік бидайға - 3 762 тн тұқым жұмсалды. Оның ішінде: I класс - 2445 тн, II класс - 1 317 тн және репродукция бойынша: I-репродукция - 108 тн; II-репрод. - 2 198 тн; III-репрод. - 1456 тн.

Көктемгі дала жұмыстарына 18102,0 тонна тұқым қажет, оның 15424,0 тн тұқым көлемі қолда бар, немесе 85,2 %-ды құрайды. Қалған жетіспейтін 2678,0 тн: дәндік және сүрлемдік жүгері, қант қызылшасы тұқымдарын облысымыз бен көрші өңірлердегі тұқым өндіруге және сатуға аттестаттаған шаруашылықтар тарапынан толықтырылатын болады. Бүгінгі күнге қайсы шаруашылықтармен келісім шарттар жасалынды, тұқым қажеттілігі қамтамасыз етіледі ме?

Көктемгі дала жұмыстары бойынша: Аудан бойынша 2025 жылы жер жырту жоспары 35973 га, бүгінгі күнге жыртылғаны 25181 га немесе 70%. 20315 га зыб 2024 ж. көтерілген, биылғы 2025 жылдың егіс алқабына енеді.

Жанар-жағар май бойынша: аудан бойынша оператор болып «WedoEnergy» ЖШС-ы айқындалды, орналасқан жері Тұрар Рысқұлов ауданы. Көктемгі дала жұмыстарына 72 шаруа қожалықтары «ГосАгро» ақпараттық жүйесі арқылы арзандатылған 2185,0 тонна дизель отынына өтінім берді. Бекітілген 1 литрдің бағасы 260 теңгеден шаруашылықтар өздері тасымалдаса, 255 теңге оператор тиісті жеріне жеткізіп береді.

Минералды тыңайтқыштар туралы: 2025 жылы 13228,5 тн минералды тыңайтқышты 52914 га егістік алқапқа енгізу жоспарлануда (2024 ж. - 13,8 мың тн., 50,3 мың гектар).

Су үнемдеу технологиясы бойынша: Өткен жылдары 17188 га жерге тамшылатып суғару технологиясы енгізілсе, 2025 жылға 18,0 мың га енгізу жоспарлануда, 812 га артық, қосымша жер игеріледі.

Техника бойынша: Аудан бойынша көктемгі дала жұмыстарына 1 639 бірлік ауыл шаруашылығы техникалары қатысады. Атап айтсақ, тракторлар 739 бірлік, соқалар 131 бірлік, қопсытқыштар 103 бірлік, дән сепкіштердің 111 бірлік, тұқым дәрілегіштер 23 бірлік және басқа техникалар 532 бірлік.

Несие бойынша: 2025 жылы көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін «Қордай» несие серіктестігі ЖШС-і арқылы «Кең дала» бағдарламасына 250,0 млн. тг. игеру жоспарлануда. Бүгінгі күнге 10 шаруашылық өтінім беріп, қаражат қарастыруда. «Кең дала 2» бағдарламасы бойынша 1 шаруашылық 15,0 млн. теңге алды.

Қордай ауданы бойынша 2025 жылға егістік жоспары 34387 га болып, 2024 жылы 33513 га болса 324 га артық жер игеру жоспарланған.

Жалпы жер игеру ауыл шаруашылық дақылдары бойынша 137787 га болса, 2025 жылға орналастыру тапсырмасы - 100% болып тұр, оның ішінде суармалы егістік жер көлемі - 3300 га, игерілетін жер көлемі - 6450 га, 6500 га көпжылдық шөп алқабы.

Су жетіспейтін егістік жер көлемін анықтау керек. Зерделеу кезінде дала жұмыстары бойынша ақпаратқа қосымша анықтама - сұрақтарға жауаптар керек болды: Тұқым дайындығы бойынша жеткіліксіз - 2673 тонна (18102 тон - 15424 тон) = 2678 тонна. Қайсы аттестацияланған тұқым сатушы ұйымдармен қамтамасыз етіледі? Минералды тыңайтқыштар бойынша да қажетті мөлшер - 13228,5 тонна 52914 га қамтамасыз ететін болса, қолда бары қанша тонна, қайда, кімдерде? 812 га қосымша тамшылатып суару алқабын игеруге қандай нақты іс-шаралар белгіленген? Атқару барысы қалай? деп, - баяндамасын аяқтады. Молдабеков Н.С.: Баяндамашыға сұрақтар бар ма? Жок.

Қордай ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы Ағабаева А. Өз сөзінде былай деді: Аудан бойынша ағымдағы жылы аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің мәліметі бойынша егістік жер көлемі 137787 га немесе 386 га артты.

2025 жылдың өнімі үшін ауыл шаруашылығы дақылдарын 103400 га орналастыру жоспарлануда. Дақылдар бойынша: күздік бидай - 17000 га, жаздық арпа - 39000 га, дәндік жүгері - 8000 га, мақсары - 200 га, қант қызылшасы - 630 га, картоп - 2800 га, көкөністер - 4070 га, бақша дақылдары - 300 га және мал азығы дақылдары - 31400 га алқапты құрайды. Тұқым дайындығы бойынша: 2025 жылдың есебіне себілген - 1700 га күздік бидайға - 3060 тн тұқым жұмсалды. Оның ішінде: I класс - 1836 тн, II класс - 1224 тн және репродукция бойынша: I-ші репродукция - 108 тн, 2-ші репродукция - 1181 тн, 3-ші репродукция - 1771 тн.

Себілетін дақылдар түріне 15439 тонна тұқым қажет және бұл тұқым көлемі шаруашылықтарда бар.

Тұқым көлемдері толығымен қамтамасыз етілді.

Көктемгі дала жұмыстары бойынша: 2025 жылы жер жырту жоспары 62280 га болып отыр, бүгінгі күнге 35065 га жер жыртылды немесе 56 пайыз құрайды. Өңдеу жұмыстары жалғасуда.

Қазіргі таңда, жаздық дақылдардың себу жұмыстары жүріп жатыр, атап айтқанда жаздық арпа - 10050 га, картоп - 310 га, көкөніс дақылдары - 2183 га себілді. Себу жұмыстары әрі қарай жалғасуда.

Жанар-жағар май бойынша оператор болып «Wedo Tnergy» ЖШС-ы айқындалды, орналасқан жері Т. Рысқұлов ауданы. Көктемгі дала жұмыстарына 72 шаруа қожалықтары «ГосАгро» ақпараттық жүйесі арқылы арзандатылған 2185,0 тонна дизель отынына өтінім берді. Бекітілген 1 литрдің бағасы 255 теңгеден шаруашылықтар өздері тасымалдаса, 260 теңге оператор тиісті жеріне жеткізіп береді.

Минералды тыңайтқыштар туралы: 2025 жылы 13228,5 тн минералды тыңайтқышты 52914 га егістік алқапқа енгізу жоспарлануда. «Қаз Азот» пен «Қазфосфат» АҚ аммиак селитра - 154 млн. тн төлеу, 60 пайыз субсидиалау. Аммофос - 295 млн. тн.

Су үнемдеу технологиясы бойынша: 2024 жылы 17188 га жерге тамшылатып суғару технологиясы енгізілсе, 2025 жылға 18,0 мың га енгізу жоспарлануда. Техника бойынша: Аудан бойынша көктемгі дала жұмыстарына 1639 бірлік ауыл шаруашылығы техникалары қатысады. Атап айтқанда, тракторлар 739 бірлік, соқалар 131 бірлік, қопсытқыштар 103 бірлік, дән сепкіштердің 111 бірлік, тұқым дәрілегіштер 23 бірлік және басқа техникалар 532 бірлік.

Несие бойынша: 2025 жылы көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін «Аграрлық несие корпорациясы» арқылы шаруаларға 5 пайыз несие берілуіде. Шаруашылықтар тарапынан 261,7 млн. теңге өтінім берілді, 157 млн. тн алынды. Несие алу жұмыстары жалғасуда деп, - сөзін аяқтады.

Молдабеков Н.С.: Қордай ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы А. Ағабаеваға сұрақтар бар ма? Жок. Осы мәселе бойынша қолдарыңызда шешім жобасы бар? Шешім қабылданып ба? Дауысқа салайық! Қарсы, қалыс, жок. Қабылданып, Шешім қабылданды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 - қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабына 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Көктемгі дала жұмыстарының барысы туралы аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі комиссия мүшесі Е. Абилдаевтың баяндамасы бойынша атқарылған Қордай ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімінің жұмысын зерделеудегі мәліметтер назарға алынып;

Қордай ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Ф. Оспанов берген мәліметтері мен жауаптары ескеріліп, көрсетілген ұсыныстарды жұмыс барысында түзетулер, анықтаулар жүргізіліп, атқарылған жұмыстары бойынша ақпаратты үстіміздегі жылдың 28-ші сәуіріне дейін ұсынылсын;

Осы шешімнің орындалуын бақылау Қоғамдық кеңестің «Аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі» комиссиясына жүктелсін (комиссия төрайымы К. Ағибаева).

Молдабеков Н.С.: Күн тәртібінің 4-ші мәселесі бойынша «Масанчи ауылдық округі әкімінің аппараты», коммуналдық мемлекеттік мекеменің 2024 жылдың қорытындысы бойынша көрсетілген мемлекеттік қызметтердің (қағаз және электрондық нұсқада) бас тартулардың (негізделген/негізсіз) мерзімін бұзулардың, арыз - шағымдардың, тәртіптік және әкімшілік жауапкершілікке тартылған қызметкерлердің саны; «Е-Лицензиялау», «Е-Әкімдік» ақпараттық жүйелерінің қызметі; Мемлекеттік көрсетілетін қызметті жетілдіру бағытында атқарылып жатқан іс-шаралар саны ж.т.б; Көрсетілетін қызметтердің мерзімін бұзудың себептері, оның алдын алу бағытында атқарылған шаралар; ұсыныстар мен ескертпелер туралы- Орақбай Ж. баяндайды дейді.

Орақбай Ж.: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы №78 бұйрығына сәйкес («Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларын бекіту туралы») 2024 жылдың 12 айын қамти отырып, Масанчи ауылдық округі әкімдігіне «Е-лицензия» ақпараттық жүйесі арқылы (бұдан әрі- АЖ) ұсынылған мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасына сыртқы мониторинг жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, Масанчи ауылдық округі әкімдігі (бұдан әрі- әкімдік) тарапынан мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы заңнаманың бұзылуы бойынша бірнеше деректері анықталды.

Анықтама ретінде: Масанчи ауылдық округі әкімі аппаратымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлері:

1) Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру; 2) Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру; 3) Сауда саттықты өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу; 4) Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеуге сату; 5) Жер учаскесін алу үшін кезекке қою.

2024 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша әкімдікке «Е-Лицензиялау» ақпараттық жүйесі арқылы 26 қызмет(он) шешім – 18, өтініш иесімен кері қайтарылған - 8) көрсетілген.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» ҚР Заңының 5-бабы 2-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетуге міндетті.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы № 301 бұйрығымен бекітілген «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту туралы» заңнамасына сәйкес "Сауда-саттықты (аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары көрсетілген.

Қағидалардың 6-тармағының 1-тармақшасына сәйкес, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе жұмыскері құжаттарды қабылдаған күні 1 (бір) жұмыс күні ішінде қағида бойынша талап етілген құжаттарды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Қызмет алушы «КарТел» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 13.05.2024 ж. Масанчи ауылдық округі әкімдігіне сауда-саттықты (аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу туралы АЖ арқылы өтініш берген (KZ46RVX01073463).

Алайда, сыртқы мониторинг барысында қызмет беруші 16.05.2025 ж. сағат 17:40 да тіркеуге алынғандығы анықталды. Яғни, 4 күнге кешіктіріп тіркеуге алған.

Сонымен бірге, бұған ұқсас Масанчи ауылдық округі әкімдігімен 8 өтінішті тіркеу кезінде де орын алған:

- 1) KZ31RVX01117480 05.07.24 – 11.07.24 - 5 күнге;
- 2) KZ24RVX01122068 11.07.24-15.07.24 - 1 күнге;
- 3) KZ28RVX01165743 06.09.24-09.09.24 – 1 күнге;
- 4) KZ17RVX01165844 06.09.24-09.09.24 – 1 күнге;
- 5) KZ00RBE00821894 11.09.24 – 13.09.24 – 2 күнге;
- 6) KZ34RBE00822931 13.09.24-16.09.24 – 1 күнге;
- 7) KZ14RVX01191312 09.10.24.- 10.10.24 – 1 күнге;
- 8) KZ66RVX01191346 09.10.24 – 10.10.24 – 1 күнге.

ҚР «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба» туралы Заңының 3-тарауы 10-бабының 2) тармақшасына сәйкес электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттері оларды заңды негіздерде иеленетін тұлғалардың меншігі болып табылады. Электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерін басқа тұлғаларға беруге болмайды.

Ақпараттық жүйе арқылы мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында әкімнің электронды цифрлық қолтаңбасын (ЭЦҚ) іс-сапарда, еңбекке жарамсыз болу кезеңдерінде пайдалану мәселесі зерделенді.

Зерделеу нәтижесінде аталып өткен себептер бойынша әкімнің жұмыста болмаған күндері ЭЦҚ-сын мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында пайдаланылғаны анықталды.

Атап айтқанда, Масанчи ауылдық округінің әкімі Х. Баширович ресми түрде 28.11.2024 ж. іс-сапарда болу кезеңінде қызмет алушы И. Хуровтың және Х. Беваның өтініштері бойынша 08.11.2024 ж. еңбекке жарамсыз болу кезеңінде мемлекеттік қызметтерді көрсету процестерін «Е-лицензия» АЖ арқылы жүзеге асыру барысында оның ЭЦҚ-сы пайдаланылған (2 – дерек).

ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 640 бабына сәйкес Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасын бұзу 30 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде айыппұл салуға әкеледі.

Молдабеков Н.С.: Баяндамашыға сұрақтар бар ма? Жок. Олай болса, сөз Масанчи ауылдық округінің әкімі Буларов Х. беріледі.

Масанчи ауылдық округі әкімі аппараты мемлекеттік қызмет көрсету стандарты бойынша:

1. Жер учаскесіне кезекке қою;
2. Жердің нысаналы мақсатын өзгерту туралы;
3. Уақытша берілген жер учаскесінің мерзімін өзгерту туралы;
4. Аукционға, конкурсқа берілмейтін жер учаскелерін беру туралы.

2024 жылдың қорытындысы бойынша Масанчи ауылдық округі әкімі аппаратында мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі бойынша кемшіліктер орын алған, бас маман жауапкершілікке тартылды.

2024 жылда 8 мемлекеттік қызмет көрсетілген, 2025 жылдың 1 тоқсанында 6 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Алдағы уақытта ондай кемшіліктерге жол берілмейді.

Молдабеков Н.С.: Масанчи ауылдық округінің әкіміне сұрақтарыңыз бар ма?

Жок. Бұл мәселе бойынша алдарыңызда шешім жобасы бар, ұсыныс, сын ескертпелеріңіз бар ма? Жок. Онда шешім қабылданып дегендеріңіз қол көтеріңіздер! Қарсы, қалыс жок. Шешім қабылданды.

Молдабеков Н.С.: Халық тұтынатын азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру бойынша атқарылған жұмыстарды зерделеу бойынша «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері» жөніндегі комиссия төрайымы – Алматаева А.Т. баяндайды.

Алматаева А.Т. өз сөзінде былай деді: ауданда әлеуметтік маңызы бар 19 азық-түлік тауарлардың бағасын негізсіз өсуіне және тауардың сауда үстемесі 10-15% аспауы мақсатында аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері Қырғызбай Батыров, Мұрат Байгелов аудан әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы Элдар Дүнчебаевпен бірге - Қордай ауылындағы «Флагман», «Қордай Сити», «Семейный» және «Семейный-2» ірі сауда орталықтарын, қоғамдық кеңес мүшесі А.Алматаева «Шұғыла» сауда дүкені мен «Алина»

және «Ұлы Жол» дүкендерін аралап, зерделеу жұмыстарын жүргізді. Әлеуметтік маңызы бар тауарлардың шекті бағадан аспауын бақылап, оны жіті назарда ұстау бойынша ұсыныстар айтып, жадынамалар таратылды.

Молдабеков Н.С: Масанчи ауылдық округінің әкіміне сұрақтарыңыз бар ма? Жок. Сұрақтарыңыз жок болса, Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің бас маманы – Дунчебаев Э.Д. сөз беріледі. Ол өз сөзінде: Ауданда әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасын тұрақтандыру және жөнінде сауда үстемесін асырмау жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Түсіндіру жұмыстарына мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңес, аудандық ардагерлер кеңесінің мүшелері және т.б қатысуда.

Айына 2 рет аудан орталығында, ауылдық округтерде орналасқан азық-түлік дүкендерінде, базарлардағы тауарлар бағасына мониторинг жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

Нәтижесінде 2024 жылы 389 дүкен қамтылды. А.ж қаңтар-наурыз айында 93 дүкен.

Түсіндіру жұмыстарының қорытындыларын аудандық газет беттерінде, (Қордай шамшырағы-Қордайский маяк) интернет желілерінде (instagram, facebook) тұрақты жариялануда.

Ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын қорытындылау мақсатында Қоғамдық кеңестің, «АМАНАТ» партиясының кезекті отырыстары өткізіліп, ауылдық округ әкімдері шақырылып бағаны тұрақты қалау бойынша хаттамалық тапсырмалар берілуде.

Қоғамдық бақылау мен ауыл тұрғындарының арыздарына сәйкес Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті сауда үстемесін 15%-дан асырғаны үшін 2024 жылы 8 кәсіпкерлік нысанды әкімшілік жауапкершілікке тартты.

2025 жылы қаңтар айында департаментке 3 нысанға (Флагман, Семейный, ЖК Ибрагимов) тексеру жұмыстарын жүргізу үшін өтініш жазылды.

Өз кезегінде аудан орталығында 10-ға жуық ірі сауда орталығында әлеуметтік осал топтағы азаматтар үшін («Семейный», «Семейный-2», «Флагман», «Шұғыла», «Қордай Сити») арнайы әлеуметтік сөрелер жұмысын жүргізіп келеді.

Ауданда нан мен ұнның бағасын тұрақтандыру мақсатында ауданның наубайханалары Тараз қаласындағы тұрақтандыру қорынан 2024 жылы 700 тоннаға жуық арзандатылған ұн сатып алынды.

Нәтижесінде аудан орталығындағы ірі сауда орталықтарында әлеуметтік нан бағасы 110-120 теңгеден сатылуда.

Ауданда тұрақты түрде жәрмеңкелер өткізіліп, тауарлар нарық бағасынан 10-15 пайыздан төмен бағамен сатылуда.

Жәрмеңкеге ауданның тауар өндірушілері, шаруашылық қожалықтар және т.б кәсіпкерлер қатысуда.

Барлық тауарлар ет, сүт өнімдері, балық, бал, шұжық, көкөністер мен жеміс жидектер және т.б тауарлар нарық бағасынан 10-15% төмен бағамен тұрғындарға сатылды.

Бүгінгі таңда Қордай ауданында 19 азық-түлік тауарлардың қоры бойынша 1215,7 тонна құрайды. Ауданда азық-түлік тауарларына бүгінгі таңда тапшылық жоқ.

Молдабеков Н.С: Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің бас маманы – Дунчебаев Э.Д сұрақтарыңыз бар ма? Жок. Бұл мәселе бойынша алдарыңызда шешім жобасы бар, шешім жобасына ұсыныстарыңыз бар ма? Жок. Онда шешім қабылданып дегендеріңіз қол көтеріңіздер! Қарсы, қалыс жоқ. Шешім қабылданды.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 - қарашадағы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабына 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Халық тұтыпатын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы шекті мөлшерден асып кетпеуін бақылау Қордай ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлім басшысы А.Алимхожаевқа тапсырылсын;

Түсіндіру, жадынамалар тарату жұмыстары Қоғамдық кеңес мүшелерімен бірге жүйелі түрде жүргізу ұсынылсын.

Молдабеков Н.С: Келесі мәселе, жоспарға сәйкес үстіміздегі жылдың 2-тоқсанындағы сұрақтар бойынша зерделеуді тапсырды.

1. 2025 жылдың сәуір айына «Аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері» жөніндегі комиссиясына (Ағибаева К.Т.) «Ауданның әлеуметтік және сауда объектілерінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау бойынша атқарылған жұмыстары туралы» зерделеуді тапсырды.

2. 2025 жылдың мамыр айына «Аудандағы мемлекеттік мектепке дейінгі мекемелердің Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» бойынша атқарылған жұмыстарын зерделеуді «Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері» жөніндегі комиссия Б.Т.Жаманқозовке тапсырылды.

3. 2025 жылдың мамыр айына ауыл округ әкімдерінің әлеуметтік-экономикалық дамыту бағытында атқарып жатқан жұмыстарының есебі.

4. 2025 жылдың маусым айына «Балалардың жазғы демалысын» зерделеуді «Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері» жөніндегі комиссия Б.Т.Жаманқозовке тапсырылды.

5. 2025 жылдың маусым айына «Аудандағы су ресурстарының тиімді пайдалануы бойынша ауыл шаруашылық ұйымдарының сумен қамтамасыз ету» жұмыстарының есебі «Аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі комиссиясына (Ағибаева К.Т.) тапсырылды.

6. 2025 жылдың маусым айына ««Қордай ауданы әкімдігінің сәулет, қала құрылысы және құрлыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемелерінің 2024 жылдың қорытындысы бойынша көрсетілген мемлекеттік қызметтердің (қағаз және электрондық нұсқада) бас тартулардың (негізделген/негізсіз) мерзімін бұзулардың, арыз - шағымдардың, тәртіптік және әкімшілік жауапкершілікке тартылған қызметкерлердің саны; «Е-Лицензиялау», «Е-Әкімдік» ақпараттық жүйелерінің қызметі; Мемлекеттік көрсетілетін қызметті жетілдіру бағытында атқарылып жатқан іс-шаралар саны ж.т.б; Көрсетілетін қызметтердің мерзімін бұзудың себептері, оның алдын алу бағытында атқарылған шаралар; ұсыныстар мен ескертпелер туралы» зерделеуді «Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссиясына (Алматаева А.Т., Ж.Орақбайға) тапсырылды.

Осымен күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қаралды. Сіздерге көп рахмет, Қоғамдық Кеңестің кезекті отырысын жабық деп жариялаймын.

Қоғамдық кеңес төрағасы

Қоғамдық кеңес хатшысы

Н.Молдабеков

Р.Имашева